

БАЛАНЫ БАЛАБАҚШАҒА ҚАЛАЙ ДАЙЫНДАЙМЫЗ?



Кеңес беру пункті

Тақырыбы: «Баланы балабақшаға қалай дайындаймыз?»

Ата-аналарға қорытынды

Баланың балабақшаға бейімделуі – оның тұлғалық, әлеуметтік және эмоционалдық дамуының маңызды кезеңдерінің бірі. Баланы мектепке дейінгі ұйымға дайындау жұмыстары жүйелі түрде және отбасы мен педагогтің бірлескен әрекеті арқылы жүзеге асырылуы қажет.

Кеңес беру барысында баланы балабақша жағдайына алдын ала дайындаудың маңыздылығы түсіндірілді. Ата-аналарға баланың күн тәртібін балабақша режиміне сәйкестендіру, өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру,

құрдастарымен қарым-қатынас жасауға бейімдеу, сондай-ақ баланың эмоционалдық жағдайына көңіл бөлу жөнінде ұсыныстар берілді.

Баланың жаңа ортаға бейімделу кезеңі әртүрлі деңгейде өтуі мүмкін. Сондықтан ата-аналар тарапынан түсіністік, шыдамдылық, психологиялық қолдау және жағымды эмоционалдық орта қалыптастырудың маңызы ерекше екендігі атап өтілді.

Қорытындылай келе, баланың балабақшаға табысты бейімделуі ата-ана мен педагогтің ынтымақтастығына, өзара байланысы мен жүйелі жұмысына тікелей байланысты екендігі анықталды.

